

КАЗАҚ БАС СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫ

ПӘН: ФИЛОСОФИЯ

**№2 ТАҚЫРЫП ШЫҒЫС ФИЛОСОФИЯСЫ –
ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ**

**ОРЫНДАҒАН: ЖГДФ АССОЦ. ПРОФЕССОРЫ
АҚБАЕВА Л.Н.**

АЛМАТЫ 2015

ДӘРІС ЖОСПАРЫ

1. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ
МЕН БАСТЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІ.
2. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТЫ
ҰҒЫМДАРЫ.
3. КОНФУЦИЙЛІК.
4. ДАОСИЗМ.
5. ЛЕГИЗМ.
6. ҚЫТАЙ ЭСТЕТИКАСЫ.

СӨЖ БЕН **СОӨЖ-ГЕ** ТАПСЫРМА (ТҮПНҰСҚАЛАР).
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ.

ҰЛЫ ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫ



1. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН БАСТЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІ

- Ежелгі Қытай философиясы (б.з.д. 6-5 ғғ. пайда болды) **мифологиялық ойлаудан** басталады, оның негізі – әлемді билейтін ең биік күш – **Аспан**. Сондықтан Қытай философиясы – көк пен жерді, аспан мен адам арақатынасын қарастырады. Ежелгі Қытай философиялық бағыттарының бәріне ортақ мәселелер: **адам, оның бойындағы ізгілік пен зұлымдық**.
- Қытай философиясы ежелгі заманда жарық көрген кітаптармен тікелей байланысты. Бұлар **«Өлендер кітабы»** (Ши-цзин), **«Тарих кітабы»** (Шу-цзин), **«Өзгерістер кітабы»** (И-цзин), **«Әдет-ғұрып кітабы»** (Ли-цзи) және шежіре **«Чунь-шо»** әрбір сауатты қытайдың дүниетанымдық көзқарасының негізін құрайтын **«Бес кітаптан»** (У-цзин) тұрады.

ҚЫТАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ:

1. АДАМ, ТАБИҒАТ, КОСМОСТЫ БІРТҰТАС НӘРСЕ ДЕП ҚАРАСТЫРУ.

2. САНАДАҒЫ КОНСЕРВАТИЗМ.

3. АДАМДАР ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ КОНФОРМИЗМ.

4. АТА-АНАНЫ, ҮЛКЕНДЕРДІ, ӘРУАҚТАРДЫ ҚАДІРЛЕУ.

1. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН БАСТЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІ

Ежелгі Қытай елінде еркін шығармашылықпен дамыған алты түрлі философиялық мектеп болды:

- 1) Конфуцийлік; 2) Моистік; 3) Заң мектебі (фа-цзя) немесе Легизм;
- 4) Дао мектебі; 5) «Инь-ян» (табиғат философиясы);
- 6) Аттар (мин цзя) мектебі.

Бұлардың мазмұнында өмір даналығы мәселелерімен қатар, құлықтылық проблемалары, ел басқарумен байланысты өмірлік тәжірибе философиясы басым болды.



2. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҰҒЫМДАРЫ

«ИНЬ»И «ЯН» – Қытай философиясының басты ұғымдары: рационалдық және бейсаналық бастаулар. Табиғаттағы **ең шеткі қарама-қарсылықты көрсетеді**, олар: жарық пен қараңғылық, қатты мен жұмсақ, еркек пен әйел, күн мен түн, күн мен ай, аспан мен жер, ыстық пен суық, жақсы мен жаман т.б. Инь-янь ұғымдары қытай философиясындағы **диалектиканың** элементі.

«**ДАО**» – әлемдегінің бәрі жолда, қозғалыста, өзгерісте болады, бәрі де тұрақты емес, шекті

дегенді білдіретін ұғым. Оның басты мағынасы жол – **жол**. Адам өз өмірінде дао принципі бойынша – өмір сүруі керек, заттардың табиғи жолы да дао принципіне бағынады.

«**ДЭ**» - Конфуцийшілдікте **күш** деген ұғымды білдіретін термин. Даоға (жол) ішкі өзіндік шығармашылық күш те (дэ) тиесілі. Сол арқылы, дао инь мен янның әсерінен заттарда өз көрінісін табады. Дэ адамның атау беретін заттарының нақтылануы деп түсініледі.

«**ЦИ**» – «барлық дүние белгілі бір өмірлік энергиямен толықтырылған» дейтін Көне Қытай ілімі.

«**ЧЖИ**» – Конфуцийдің ілімі, **білім** дегенді білдіреді.




Рис. 3.2.1

ЯНЬ

Весна

Лето



Утро

День

Ночь

Вечер



Зима

Осень

ИНЬ

2. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҰҒЫМДАРЫ

«**ЖЭНЬ**» – адамды сүю, үлкендерді , лауазымы жоғарыларды сыйлау идеясын ұстанған ұғым мен Конфуций мектебі.

ЛИ – Конфуцийшілдікте мінез-құлық ережелері мен нормалары, дәстүрді (ритуалды), ұстану, заттардың орналасу тәртібін білдіретін ұғым.

«**У ВЭЙ**» – дүниедегі болып жатқан процестерге **араласпау** және **табиғилыққа қарсы ештеңе істемеу** ұғымын білдіреді.


«**СЯО**» – Конфуцийшілдікте **баланың ата-анаға деген әдептілігі** және үлкендерді құрметтеу мағынаны білдіреді.

«**У СИН**» – дүниенің бастамасы ретіндегі алғашқы 5 материалдық элементті көрсетеді. Олар – **жер, су, от, ағаш, металл.**



2. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҰҒЫМДАРЫ

У СИН



3. КОНФУЦИЙЛІК

- Ежелгі Қытайда этикалық-саяси **Конфуций** мектебінің негізін **Кун Фу-цзы** (б.з.д. 551-479 жж.) қалады. **Конфуцийлік** б.з.д. 2-ғғ. бастап, 1911-13 ж.-ғы Синьхай революциясына дейін Қытайдың ресми идеологиясы болып саналды.

Конфуцийдің шәкірттері **Мэн-цзы, Сюнь-цзы** – ұстазының ойларын жазып алумен айналысады, осылайша конфуцийлік мектептің толық аяқталмаған басты шығармасы **«Лунь юй» («Әңгімелер мен айтылғандар»)** жарыққа шығады. Жинақ, негізінен, құлықтылыққа тәрбиелеуге ден қойған.

- **Аспан** мен **рухтар** туралы сұрақты қарастырғанда, Конфуций ілімі қалыптасқан дәстүрді ұстанды. **Аспан** – жердегі әділеттілікті қадағайлайтын ең жоғарғы күш. Конфуций ілімі бойынша, тағдыр аспан еркіне кіріптар. **Конфуций аспаны – тағдыр, жазмыш, дао (жол).**
- **Конфуцийліктер – қоғамтанушылар.** Назар аударған негізгі мәселесі – тәрбие, адамдар арасындағы қарым-қатынас. Мысалы, оқушысының «Бір сөйлеммен моральдық іліміңізді жеткізе аласыз ба?» деген сұрағына ол **«Өзіңе тілемейтінді басқаға да жасама»**, – деп жауап береді. Бұл қағида адамдардың қоғамдағы іс-әрекетінің **«АЛТЫН ЕРЕЖЕСІ»** деп аталады.

Әлеуметтік орта кемшіліктеріне қанағаттанбаған **Кун Фу-цзы** өткенді дәріптеді. «Адамгершілігі жоқ адам қауіп-қатерлерге ұзақ төзе алмайды, сонымен қатар, дәулетіне де ұзақ рахаттана алмайды. **Адамилық адамгершілікте»**, – деді.

3. КОНФУЦИЙЛІК

Конфуций құлықтылық өсиетін толық орындап жүретін дамыған адам бейнесін береді. Ол – **«ЦЗЮНЬ-ЦЗЫ»** адамгершілігі мол қайраткерді «арам ниетті» **«СЯО-ЖЭНЬ»** адамдарға қарсы қояды **«ЦЗЮНЬ-ЦЗЫ»** -дың басты қасиеттеріне: **«ЖЭНЬ»** - адамгершілік, **«И»** - әділдік, **«ЧЖИ»** - білімділік, **«ЛИ»** - ритуал, **СЯО** – үлкендерді сыйлау жатады.

Ол адамдарды «мейірімділерге» және «нашарларға» бөледі. «Мейірімділерді» желге, «нашарларды» шөпке теңейді. Жел қайда ессе шөп сол жерге қалай бұрылады. Әлеуметтік теңсіздік құдайдың құдіретімен байланысты, сондықтан жасы кіші үлкенге **(сяо)**, қызметі төмен адам жоғары қызметтегі адамға бағынуы тиіс **(ли)**.

«Адамгершілігі мол қайраткер үш нәрседен: аспан жарлығынан, ұлы адамдардан және данышпандардың сөзінен қорқады»

Конфуцийдің этикалық ілімі **«дұрыс жолды» (дао)** құрастыратын **«өзаралық»**, **«алтын орта»**, **«адамды сүю»** ұғымдарына сүйенеді.

Алтын орта» (яжун-юн) – адам мінез-құлқындағы ұстамсыздық пен сақтықтың ортасы. Бұл ортаны табу оңай емес, адамдардың басым бөлігі өте ұстамсыз немесе өте сақ. Адамсүйгіштіктің негізі **«ЖЭНЬ»** – ата-ананы қадірлеп, қошеметтеу, жасы үлкен ағаларды сыйлау. Жалпы, адамсүйгіштікадамды сүю дегенді білдіреді, өйткені кімде-кімшын көңілімен адамсүйгіштікке ұмтылса, қастандық, зұлымдық жасамайды. **«Өзаралық» (компромисс)** немесе «адамды қамқорлыққа алу»(шу) ілімнің мәні **«өзіңе нені тілемесең, оны өзгеге де істеме»** дегенге саяды, сонда мемлекетте де, отбасында да ешкім саған жаулықпен қарамайды. Конфуций мемлекетті басқаруда «алтын орта жолы» идеясын, яғни саяси ымыраға - компромиске келу өнерін уағыздады.

КОНФУЦИЙ



4. ДАОСИЗМ

Лао-цзы (б.д.д. VI-V ғғ.) – осы мектептің негізін қалаушы және оның **«Дао дэ-цзин»** кітабы дао ілімінің бастауында тұрды. Кітап екі бөлімнен (біріншіде – дао жолы, екіншіде даоның күші туралы айтылады) – дао болмысының алғашқы бастауларынан тұрады. **Дао** – барлық ғаламның өмір сүру тәсілі мен пайда болу тәртібі сұрағына жауап беру мүмкін болатын, бәрін қамтитын, әмбебап түсінік. Ол негізінде атаусыз, барлық жерде көрінісін табады, бірақ заттардың бастауы.

•«Дао заттарды тудырады, Дэ оларды асырайды, өсіреді, тәрбиелейді, жетілдіреді, кемел қылады, күтеді, болысады. Заттар нұсқаланады, нұсқалар тәмамдалады. Сондықтан Даоны дәріптемейтін және Дэні қадірлемейтін зат жоқ. Дао дәріптеулі, Дэ қадірлі, себебі олар бұйрық бермейді, керісінше, табиғилықты ұстанады. Жарату және иемденбеу, жасап шығару және мақтанбау, үлкен бола тұрып, билік жасамау, міне, тұңғиық Дао деген – осы». Дао дербес субстанция немесе мән бола алмайды. Оның бастауы жоқ, өзінің қуаттық қызметінсіз-ақ ол бәріне негіз болады, «Дао – барлық заттың анасы».

Даосизмге сәйкес әлем үздіксіз қозғалыста, өзгерісте болады және ішкі себептерімен өмір сүреді, ешбір себепсіз әрекет жасайды, дамиды. «Дао бірді туады, бір екіні туады, екі үшті туады, ал үш жан атаулыны туады. Жан атаулы инь мен янға, циге толы, сөйтіп олар үйлесімділік құрайды».

ЛАО-ЦЗЫ

Лао-цзының негізгі ойлары: «Адамдарды білетін – ақылды, өзін білетін – білімді», «Өзін жеңген – күдіретті», «Қанағатты білген – бай», «Өз табиғатын жоғалтпаған адам ұзақ жасайды», «Азға ұмтылып, молға жетесің, көп асауға ұмтылу – адастырады», «Мейірімдіге мен қайырым жасаймын, мейірімсізге де қайырым жасаймын».





5. ЛЕГИЗМ – ФА-ЦЗЯ МЕКТЕБІ

Ежелгі Қытай философиясының ерекше ағымы – ол **ФА-ЦЗЯ** мектебі (фа – заң). Мектеп ұстанымы конфуцийлік адам, мораль мәселелеріне қарсы бағытталған.

Заңдар мектебінің негізін қалаушы **Хань-Фэй-Цзы** (б.з.д. 280-233 жж.) болмыс ілімінде Даоға дүниедегі барлық нәрсенің табиғи заңы ретінде қараған:

«Әрбір зат пен істің заңдары болады. Аспанның өз заңдылығы, адамдардың да орнатқан өзіндік заңдары бар».

Хань-Фэй-Цзы елбасының тек **өзіне сенуі керектігін** дәріптейді... бәрін өзінің ішінде терең сақтауы керек, адамдардың алдында ашылмағаны жөн. Елбасының басқару өнерін, оның ойын жанындағылардың білмеуі, сезбеуі керек. сынылады. Өйткені, «елбасының ізін аңдып арыстандар жүр», ол өзінің құпиялылығын жоғалтса, арыстандардың (жанында жүрген басқа лауазым иелері) жеміне айналады.

Елбасы бәріне самарқау қарап, еш нәрсе жасамауы керек. Оның күші – ештеңе істемеуінде. Сонда ғана ол жауларының мақсат-мүддесін түсінеді.

Мектеп заң мен басқару өнерін бір-бірінен ажыратып қарастырады. Мысалы, **Хань-Фэй-Цзы** «халық жалақыны, пайда көзін тапқанды жақсы көреді, жазаға ұшырауды ұнатпайды, жақсы көрмейді» дейді. Қоғамда жазаның көп, құрметтеудің аз болғаны абзал. «Бірақ кімнің заңды орындамай, бұзғанын қалай білуге болады?» деген сұраққа адамдар өзара бір-бірін бақылап жүруі керек деген жауап беріледі. Ол қалай жүзеге асады? Адам жүрегіне қорқыныш сезімін ұялату, заң бұзған адамды көпшіліктің, халық алдында жазалау ұсынылады.


«Фа-цзя» мектебінің талаптары үкіметтің саяси идеологиясына айналып, Қытай елінде аса қатыгез басқару жүйесі орнайды. Моральдық тәрбиені, қоғамдық қатынастарды заң жолымен ретке келтіруді ұстанады.

6. ҚЫТАЙ ЭСТЕТИКАСЫ

Қытай эстетикасы – б. з. д. 7 ғ-дан басталады. Басты ұғымдары - У син - 5 элемент, 5 үн - пентатоника, 5 негізгі түс (ақ, қара, қызыл, көк, жасыл), кеңістіктегі 5 негізгі нүкте (жарық дүниенің ортасы мен 4 жағы - шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік).

Қытай эстетиктері көркем шығармаларды 4 деңгейге бөлді: 1-деңгей – табиғаттың өзі сияқты шынайы кемеңгерлік шығармалар (ең жоғары); 2-деңгей – ұлы дарындар шығармалары, 3-деңгей – нағыз шеберлер шығармалары, 4-деңгей - қолөнершілер шығармалары.

Қытай суретшісі **Се Хэ** көркемсуреттің «алты заңын» жасады: 1 заң (циюнь шэндун) – көркемсурет жанды рухтандыруы қажет; 2 заң – көркемдеп жазудың маңыздылығы (каллиграфия өнері); 3, 4, 5 заңдар – көркем бейненің мазмұнымен сәйкес болуы; 6 заң – шебердің жеке стилінің болуы.



7. СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

Ежелгі Қытай философиясы туралы түпнұсқаларға жазбаша және ауызша анализ жасаңыз.

1. Конфуций Лунь юй

Цзы-Гун (шәкірт) ұстазынан былай деп сұраған: «Бір ғана сөйлем арқылы өмір бойы ұстанатын ережені түсіндіруге бола ма?». Ұстазы былай жауап берді: «Болады. Өзіңе тілемейтінді, өзгеге істеме».

Ұстаз айтты: «Жас адамдар үйде ата-аналарына құрмет, ал үйден тыс – үлкендерге сыйластық көрсетулері, іске салмақпен және адал қараулары, халықты шексіз сүйулері және адамды сүйетін адамдармен жақындасулары тиіс. Егер де осының бәрін жүзеге асырған соң күштері қалса, оларды кітап оқуға жұмсауға болады».

Мэн И-цзы ата-аналарды қадірлеу туралы сұрады. Ұстаз... жауап берді: «Ата-аналар тірі кезде оларға салттар бойынша қызмет ету. Олар өлгенде, салттарға сәйкес жерлеу және салттарды басшылыққа ала отырып, құрбандық шалу».

Ұстаз айтты: «Адамды сүйуге ие адам ғана адамдарды сүйе алады және адамдарды жек көре алады».

Ұстаз айтты: «Адамды сүйуге шын ұмтылған адам зұлымдық жасамайды».

Ұстаз айтты: «Егер де асыл ер адам өзін лайықты ұстамаса, ол беделге ие болмайды, және, ол оқыса да, оның білімдері берік емес. Берілгендік пен шынайылыққа ұмтыл; сенен адамгершілік жағынан төмен адамдармен дос болма; қате жасағанмен, оны түзетуге қорықпа».

Ұстаз айтты: «Егер де адамның бойында табиғилық тәрбиеліліктен көп болса, ол жабайыға ұқсас. Егер де тәрбиелілік табиғилықтан көп болса, ол ғалым-кітапшыға ұқсас. Тәрбиелілік пен табиғилық адамның бойында теңескенде, ол асыл ер адам болады».

7. СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

Цзы-гун сұрады: «Адамдарға ізгілік жасайтын және халыққа көмек беруге қабілетті адам туралы не айтуға болады? Оны адамды сүюші деп атауға бола ма?» Ұстаз жауап берді: «...Адамды сүюші адам – өзін дұрыс жолда нығайтуға ұмтыла отырып, бұл істе басқаларға да көмектесетін, істерді ең жақсы түрде жүзеге асыруға ұмтыла отырып, бұл істе басқаларға да көмектесетін адам».

Ұстаз айтты: «Білімге жете алмайтындай, оларды жоғалтып алуға қорқатындай болып оқыңдар».

Цзы-чжан сұрады: «Бес тамаша қасиет деп не аталады?» Ұстаз жауап берді: «Бекзат ер адам мейірімділікте ысырапсыз емес; еңбекке мәжбүрлей отырып, ашу туғызбайды; тілектерінде тойымсыз емес; ұлылықта менменсіген емес; құрметтеу туғыза отырып, қатал емес».

Цзы-чжан сұрады: «Төрт жексұрын қасиет деп не аталады?» Ұстаз жауап берді: «Егер халықты оқып-үйретпей, өлтірер болса – бұл қаталдық деп аталады. Егер халықты алдынала ескертпей, еңбектің нәтижесін көргеннен кейін наразылық білдірсе, – бұл дөрекілік деп аталады. Әуелі асықпау туралы нұсқау беріп, жұмысты тез бітіруді талап етсе, – бұл қарақшылық деп аталады. Егер марапаттауды уәде етіп, бірақ оны беруде сараңдық көрсетсе, – бұл сараңдық деп аталады».

2. Лао-цзы Дао дә цзин

Сөзбен бейнеленетін *дао* тұрақты *дао* емес... Сондықтан да, құмарлықтардан азат адам *даоның* ғажайып құпиясын көреді, ал құмарлықтарға ие адам оның аяқталған формасын көреді.

Дао тәнсіз және формасын жоғалтқан, бірақ қолданудан кетпейді. Түбінде ол – барлық нәрсенің атасы. Дао әрқашан әрекетсіз, бірақ ондай ешнәрсе жоқ ештеме істемесе де. (*Цзэй*).

7. СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

Көрінбейтін *даоның* өзгерулері шексіз. *Дао* – туылудың терең қақпалары. Туылудың терең қақпалары – көк пен жердің тамыры. Ол таусылмайтын жіп секілді мәңгілік өмір сүреді және оның әрекеті сарқылмайды.

Дао заттар тудырады, дә оны әрі қарай дамытады. Тән заттарға форма береді, күштің арқасында (*инь және янь*) заттар соңын табады.

Ұлы дәнің (асыл қасиет) мазмұны тек даоға ғана бағынады. *Дао* денесіз. *Дао* тұманды және анық емес. Бірақ оның тұмандылығы мен анық еместігінде бейнелер бар. Ол тұманды және анық емес. Бірақ оның тұмандылығы мен анық еместігінде заттар жасырылынған. Ол терең және қараңғы. Бірақ оның тереңдігі мен қараңғылығында нәзік бөлшектер жасырылынған. Бұл нәзік бөлшектер жоғары шындылыққа және нақтылыққа ие.

Дао бізден жасырылған және есімі жоқ. Бірақ тек ол ғана барлық тіршілік етушілерге көмектесуге және оларды толық жетілгендікке жеткізуге қабілетті.

Дао бірді тудырады, бір екіні тудырады, екі үшті тудырады, ал үш барлық тіршілік етушілерді тудырады (*Лао-цзы бұл жерде бір деп қидің өте кішкене бөлшектерінен тұратын хаос, ретсіздік туралы, екі деп жеңіл және ауыр қи, үш деп олардан пайда болған көк, жер және адам туралы айтып тұр.*). Барлық тіршілік етушілердің бойында *инь* мен *ян* бар, *циге* толы және гармонияны құрайды.

(Древнекитайская философия. Собрание текстов в двух томах. – М., 1972.)

9. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

•НЕГІЗГІ:

- 1. Сәрсенова, Ж. Н. Әлеуметтану: ЖОО студ. арналған оқу құралы. - Алматы: Нұр-Принт, 2013. - 201 б.
- 2. Абдирайымова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.-224 б.
- 3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер.-Алматы: Эверо, 2011.-284 б.
- 4. Абдикерова Г.О. Әлеуметтану.-Алматы: Қазақ университеті, 2011.-192 б.
- 5. Биекенов Б.У., Садырова М.С. Әлеуметтану. Ұғымдар мен баламалар.- Алматы: Эверо, 2011.-400 б.
- 6. Әженов М.С., Садырова М.С., Омарова А. Білім социологиясы. Оқулық. - Алматы: Эверо, 2011.-124 б.
- 7. Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.Алматы: Нұр-Принт, 2010.-238 б.
- 8. Абсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
- 9. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2010.-240 б.

9. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

• Қосымша әдебиеттер:

- 1. Акбаева Л.Н. Социология: Учебное пособие.- Алматы: КазГАСА, 2015.-242 с.
- 2. Габдуллина К.Г. и другие. Социология. Учебник для студентов высших технических учебных заведений. – Алматы: Санат, 2007.
- 3. Әлеуметтану. 2-кітап/ Жалпы ред. М.М.Тажин.-Алматы, 2005.-268 б.
- 4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы.-Алматы: Экономика, 2004.-640 б.
- 5. Дакенов Н. Абсаттаров Р.Б. Социология. – Алматы: Ғылым, 2004.

• Электрондық басылымдар:

- 1. Акбаева Л.Н. Әлеуметтану: Электрондық оқулық. – Алматы: ҚазБСҚА, 2012-144 б.
- 2. Акбаева Л.Н. Социология: Электронный учебник, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
- 3. Интернет ресурстары: www.sociology.ru